

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің қарамағындағы
террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 19 сәуірдегі № 115 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 сәуірде № 27705 болып тіркелді.

"Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің қарамағындағы террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғауны ұйымдастыру жөніндегі қоса берілген нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайларды жою департаменті заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
"КЕЛІСІЛДІ"

Ю. Ильин

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 19 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің қарамағындағы террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту саласындағы қызметті жүзеге асыратын объектілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің қарамағындағы террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) – "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптар негізінде әзірленді (бұдан әрі – Талаптар).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 28.12.2022 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар қолданылады:

1) байланыс жүйесі - ақпаратты беруге (алмасуға), объектінің күзет қызметі қызметін жедел басқаруға арналған техникалық құралдар мен арнайы бөлінген байланыс арналарының жиынтығы;

2) бақылау-өткізу пункті - адамдарды және көлік құралдарын бақылауды, өткізуді, тексеруді қамтамасыз етуге арналған арнайы жабдықталған орын;

3) бейнебақылау жүйесі-жұмыс істеп тұрған бейнеканалдардың, бейнедеректерді жазу мен сақтаудың бағдарламалық және техникалық құралдарының, сондай-ақ өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыратын басқарудың бағдарламалық және техникалық құралдарының жиынтығы;

4) кіруді шектеу құралдары - объектіге, оның ықтимал қауіпті учаскелеріне рұқсатсыз кіруге жол бермейтін жабдық және (немесе) құралдар;

5) қол жетімділікті бақылау және басқару жүйесі – қол жетімділікті, персоналдар мен келушілердің объектіге және (немесе) оның жеке аймағына кіру және (немесе) шығу, ақпарат жинау және сақтау құқықтарының аражігін ажыратуды бақылауға арналған техникалық үйлесімді аппараттық құралдар және (немесе) бағдарламалық қамтамасыз ету жиынтығы;

6) күзет дабыл жүйесі - қорғалатын аймаққа (учаскеге) рұқсатсыз кіруді, қорғалатын аумақтың (учаскенің) тұтастығының бұзылуын, қорғалатын ақпаратты жинау, өңдеу, беру және ұсыну аумағының тұтастығының бұзылуын анықтайтын бірлесіп әрекет ететін техникалық құралдардың жиынтығы;

- 7) объектінің периметрі - құқық белгілейтін құжаттарға сәйкес объектінің шекарасы ;
- 8) объектінің ықтимал қауіпті учаскелері – жарылыс өрт қауіпті, қауіпті химиялық заттар, қару-жарак пен оқ-дәрілер, улы заттар мен препараттар, технологиялық тізбектердің элементтері, жүйелері, жабдықтар немесе құрылғылары пайдаланылатын, сақталатын немесе қолданылатын объектінің конструктивтік және технологиялық элементтеріне аумақтық бөлінген аймақтар, сондай -ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге, аварияның, қауіпті әлеуметтік-экономикалық және кейіннен заттар мен материалдарды терроризм актісін жасау үшін оларды одан әрі пайдалану мақсатында ұрлау салдарлармен төтенше жағдай қауіпі пайда болуына ықпал етуі мүмкін террористік актінің объектіде адамдардың жаппай болуы мүмкін жерлер;
- 9) объектілер персоналы - басшылар, қызметкерлер, объектінің, оның ішінде жалға алынған алаңдарда қызметті жүзеге асыратын қызметкерлер;
- 10) өткізу режимі - адамдардың рұқсатсыз кіру (шығуы), көлік құралдарының кіру (шығуы), мүліктің кіру (алынуы), кіру (әкетілуі) мүмкіндігін жоққа шығаратын белгіленген тәртіпті регламенттейтін ережелер жиынтығы;
- 11) оқу (профилактикалық) іс-шаралары - қызметкерлерді оқытудың алдын алу амалдары және бірінші ден қою дағдысын дарыту мақсатында нұсқама мен сабақтар түрінде іске асырылатын қорғау;
- 12) сыни аймақ - терроризм актісінің нәтижесінде қирайтын үй-жайлар, учаскелер мен конструктивтік элементтер, объектінің қалыпты жұмыс істеуінің айтарлықтай бұзылуына, оның біршама зақымдануына немесе ондағы аварияға әкелуі мүмкін;
- 13) терроризмге қарсы қорғалу паспорты - терроризмге қарсы қорғалу жай-күйін көрсететін және террористік тұрғыдан осал объектіде террористік актінің алдын алу, жолын кесу, барынша болдырмау және (немесе) жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға арналған объект туралы жалпы және инженерлік-техникалық ақпаратты қамтитын ақпараттық-анықтамалық құжат;
- 14) күзет теледидар жүйесі - бұзушылықтарды анықтауға және тіркеуге арналған жабық типтегі телевизия жүйесі болып табылатын бейнебақылау жүйесі;
- 15) құлақтандыру жүйесі – террористік тұрғыдан осал объектідегі адамдарды төтенше оқиға (авария, өрт, табиғи апат, шабуыл, террористік акт) және қалыптасқан жағдайдағы әрекеттер кезінде дабыл туралы жедел дыбыстық хабарлауға (жеңіл және (немесе) дыбыстық ескертуге) арналған техникалық құралдар кешені.
- 16) объект – персоналдың ұйымдасқан жиынтығы бар ұйым (мекеме) және (немесе) ғимарат, құрылыс, ғимараттар мен құрылыстар кешені не олардың бөліктері.
- Осы талаптарда қолданылатын басқа ұғымдар Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс -қимыл саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 25.07.2024 № 287 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Нұсқаулық, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту саласындағы қызметті жүзеге асыратын объектілерді қоспағанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген объектілерді террористік тұрғыдан осал деп тану өлшемшарттарының 2-тармағының 1) , 3) және 7) тармақшаларына және 3-тармағының 1) және 5) тармақшасына сәйкес террористік тұрғыдан осал деп танылған, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің, оның ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің (Төтенше жағдайлар, Өнеркәсіптік қауіпсіздік департаменттерінің, азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің, азаматтық қорғау білім беру ұйымдарының, өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметтерінің, сондай-ақ су шаруашылығы объектілерінің) объектілерінде (бұдан әрі – Министрліктің объектісі) тұрақты немесе уақытша болатын барлық адамдарға қолданылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 28.12.2022 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Министрліктің террористік тұрғыдан осал объектілерін терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастырудың мақсаты-терроризм актісінің жасалуына жол бермейтін (объектінің аумағында терроризм актісін жасау қаупін төмендететін) жағдайлар жасау және оларды барынша азайту және (немесе) ықтимал террористік қауіптердің салдарларын жою болып табылады.

5. Объектіде терроризм актісінің жасалуына кедергі болуды (терроризм актісінің қаупін төмендету):

1) ұлттық қауіпсіздік органдары анықтайтын ықтимал террористік қауіптердің сипаты мен ерекшеліктерін және олардың ықтимал салдарларын ескере отырып, объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу;

2) объектіде террористік актінің жасалуына және оларды жоюға ықпал ететін ықтимал себептер мен жағдайларды анықтау;

3) қажетті инженерлік -техникалық құралдармен жарактау;

4) белгіленген өткізу режимін қамтамасыз ету;

5) қызметкерлерді даярлауды (оқытуды) ұйымдастыру, терроризм актісін жасау қаупіне бастапқы ден қоюға объектілерге басшылық ету және қорғау (терроризм жасау актісінің белгілерін, террор құралдарын анықтау, басшылыққа, құқық қорғау органдарына және (немесе) арнайы мемлекеттік органдарға бұл туралы хабар беру);

6) Министрліктің объектісінің аумағына кіруге құқығы бар лауазымды адамдар мен көлік құралдарының тізбесін анықтау;

7) терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша талаптардың сақталуын бақылау арқылы қамтамасыз етіледі.

6. Объектідегі ықтимал террористік қауіптердің салдарын барынша азайту және (немесе) жою:

1) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік және (немесе) ішкі істері органдарын жасалған терроризм актісі туралы уақтылы хабар беру;

2) Министрлік объектілерінің персоналының оқу-жаттығуларға, жаттығуларға қатысуы және террористік көріністерге ден қою бойынша эксперименттерге, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдар, жедел басқару органдары жасаған кезде жасалған терроризм актісінің нәтижесінде туындайтын техногендік сипаттағы қауіптерді барынша азайту және (немесе) жою;

3) Министрлік объектілерінің персоналын террористік сипаттағы қауіп -қатерге бастапқы ден қою дағдыларына тұрақты түрде оқыту;

4) Министрліктің объектілерінде терроризм актісі болған жағдайда персонал мен келушілерді құлақтандыруды және эвакуациялауды ұйымдастыру;

5) Министрліктің террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалу паспорттарын уақтылы ресімдеу және жаңарту және оларды тиісті түрде сақтау ;

6) адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, терроризм актісінің салдарын жоюға және барынша азайтуға бағытталған бастапқы ден қою шараларын ұйымдастыру үшін қажетті күштер мен құралдарды қалыптастыру арқылы қамтамасыз етіледі.

7. Министрліктің террористік тұрғыдан осал объектілерін пайдалану кезінде объект басшысы осы нұсқаулық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

2 - тарау. Қатынауды бақылауды ұйымдастыруға қойылатын талаптар

8. Төтенше жағдайлар министрлігі ғимаратының және "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесі объектілерінің өткізу режимін "Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілердің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысына сәйкес әзірленген объектілерде өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларға (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес ішкі істер органдарының бөлімшелері жүзеге асырады.

9. Министрліктің объектілерін күзету үшін күзет қызметі субъектілері тартылған жағдайда, күзет қызметтерін көрсету туралы шартта терроризмге қарсы қорғалуды және қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету бойынша күзет қызметі субъектісі іске асыратын іс-шаралар көзделеді:

өткізу режимін ұйымдастыру;

объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдармен, оның ішінде техникалық қорғау құралдарын тиісінше пайдалану бойынша оқу іс-шараларын өткізу.

10. Министрліктің террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету қолжетімділігі шектеулі күзетілетін аймақтарды, бақыланатын аймақтарды белгілеу және қорғау, өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету, министрлік объектілерінің бақыланатын аймағында орналасқан өртке қарсы және басқа да арнайы техника мен жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды күзету, сондай-ақ Министрлік объектілерінің бақыланатын аймақтарына өтетін қызметкерлер мен келушілерді, өзге де ұйымдардың қызметкерлерін, қол жүгін бақылау және тексеру жөніндегі іс-шараларды, сондай-ақ жүктер мен пошта жөнелтілімдерін тексеруді қамтиды.

11. Өткізу режимі Министрлік объектілері қызметкерлерінің және оған келушілердің қауіпсіздік деңгейін арттыруға ықпал етуі тиіс.

Талаптың 15-тармағына сәйкес өткізу режимін ұйымдастыру тәртібін террористік тұрғыдан осал объектінің басшысы айқындайды.

Министрліктің объектілерінде өткізу режимін ұйымдастыру тәулік бойы жүзеге асырылады.

Объектіде өткізу режимін ұйымдастыру, тәулік бойы жүзеге асырылады.

Өткізу режимі:

1) адамдар мен автокөлік құралдарын объектіге санкцияланған рұқсат беруді ұйымдастыруға;

2) құқыққа қарсы ниеті бар адамдарды, сондай-ақ оларды іске асыру үшін пайдаланылуы мүмкін заттарды анықтауға;

3) объектілердің ықтимал қауіпті учаскелерін және қауіпті аймақтарды қорғау, оның ішінде бөгде адамдардың бақылаусыз болуына жол бермеуге арналған.

Өткізу режимі мынадай мақсаттарда белгіленеді:

1) объектіге бөгде адамдардың, әкімшілік ғимараттар мен режимдік үй-жайларға рұқсатсыз кіруін болғызбау;

2) келушілердің шақырылған үй-жайлардан басқа өзге үй-жайларға рұқсатсыз кіруін болғызбау;

3) қызметкерлердің және келушілердің ғимаратқа көзбен шолып бақылау құралдарын, бейне, кино және фотоаппаратураны, ноутбуктерді, флэш-карталарды, есептеу техникасын енгізуін (алып шығуын), сондай-ақ тыйым салатын заттарды санкциясыз алып өтуін болдырмау;

4) аумақтан және ғимараттан, құпия құжаттарды, мүлікті, бұйымдарды және материалдық құндылықтарды тиісті рұқсатсыз алып өтуді (әкетуді) болғызбау;

5) көлік құралдарының кіру (шығу) тәртібін реттеу.

12. Өткізу режимін енгізу алдында:

1) бақыланатын аймақты, қолжетімділігі шектеулі күзетілетін аймақты айқындауға;

2) жеке, көліктік және материалдық рұқсаттамалардың бірыңғай үлгілерін енгізу, оларды есепке алу, тіркеу және беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға бағытталған дайындық жұмыстары жүргізіледі.

13. Өткізу режимін ұйымдастыру тәртібінен басқа, тиісті өткізу режимін ұстағаны үшін жауапты тұлғаны (тұлғаларды) және (немесе) бөлімшені айқындауды көздеу қажет.

14. Өткізу режимі Министрлік объектілерінің әлеуетті қауіпті учаскелері мен қауіпті аймақтарына қолжетімділікті шектеу мақсатында объектіні аймақтарға бөлуді көздейді.

15. Министрлік объектілерінің ғимаратына өткізу режимі кіру топтарында орнатылған қашықтықтан кіруді бақылау жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Ғимаратқа кіру (шығу) кезінде электрондық рұқсаттама пайдаланылады.

Кезекші наряд қашықтықтан кіруді бақылау жүйесі мониториянда көрсетілетін фото сурет бойынша кіріс тұлғаның жеке басын сәйкестендіруді жүргізеді. Фотосурет кіруші тұлғамен сәйкес келмеген жағдайда жеке басын анықтау бойынша қосымша іс-шаралар жүргізеді.

Қашықтықтан кіруді бақылау жүйесі істен шыққан, сондай-ақ кіретін тұлғада электрондық рұқсаттама болмаған кезде кіру қызметтік куәлікті көрсету немесе рұқсат беру рұқсаттамаларын ашып көрсету арқылы жүзеге асырылады.

16. Кезекші наряд өткізу режимін жүзеге асыру кезінде қызметкерлердің қызметтік куәліктерін, келушілердің жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеруді, оларды тіркеуді жүзеге асырады.

Кезекші наряд сәйкес келмейтін, сондай-ақ басқа адамдарға берілген электрондық рұқсаттамаларды алып қояды. Мұндай адамдарды өткізу қызметтік куәліктер мен құжаттар, рұқсат беру рұқсаттамалары бойынша жүзеге асырылады. Алып қою фактісі туралы кадр саясаты бөлімшесінің басшылығына дереу хабарланады.

17. Лауазымды адамдардың келгені туралы кезекші наряд телефон арқылы тиісті құрылымдық бөлімшенің өкілдерін хабардар етеді және оларға ілесіп жүреді.

18. Кіру құқығына арналған құжаттарды ресімдеуде бұзушылықтар, құжат деректерінің қолдан жасалу және сәйкес келмеу белгілері, кіріс және өзге де бұзушылықтардың сыртқы келбетіне ҚББ фотосуретінің сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, кезекші наряд осы адамды ұстауға шаралар қабылдайды және министрлік объектісінің басшысы мен жауапты адамына хабарлайды, одан әрі оның нұсқауы бойынша әрекет етеді.

19. Бөлімшелер аумағына және ғимаратқа алкогольдік, есірткілік масаң күйдегі адамдарды кіруге жол берілмейді.

20. Өткізу режимін ұйымдастыру тәртібі:

1) келушілердің жеке заттары (ұялы телефондар, бейне, кино және фотоаппаратуралар, Ноутбуктер, тасымалданатын электрондық ақпарат тасығыштар,

радиотехникалық және өзге де құрылғылар) күзет бекеттерінде орнатылған шкафтардың ұяшықтарында қалдырылады, бұл ретте ұяшықтан кілт немесе нөмірлік жетон келушіде ғимараттан шығу сәтіне дейін болады;

2) ғимаратқа кіру кезінде арнайы жабдықты пайдалана отырып, техникалық бақылау жүзеге асырылады, қажет болған жағдайларда адамдарды жеке тексеру, сондай-ақ олардың қол жүгі мен кіргізілетін заттарды тексеру жүргізіледі;

3) келушінің жеке заттарын қарау арнайы жабдықтар мен техникалық бақылау құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылады. Арнайы техникалық бақылау құралдары іске қосылған жағдайда кезекші наряд келушіге көзбен қарап тексеру үшін заттарын көрсетуді ұсынады. Техникалық бақылаудан өтуден бас тарту келушінің ғимаратқа кіруіне тыйым салуға негіз болып табылады;

4) келушіде атыс қаруы, суық қару, арнайы құралдар, оқ-дәрілер (рұқсат құжаттарыныңсыз), есірткі құралдары, жарылғыш, жанғыш, тез тұтанатын, уытты, улы, радиоактивті заттар, әртүрлі мүляждар табылған кезде кезекші наряд келушіні ұстауға шаралар қабылдайды және одан әрі лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес әрекет етеді.

20-1. Өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі іс-шаралар:

1) әскери бөлімнің бақылау-өткізу пункттерінде тәулік бойы кезекшілік атқару;

2) әскери бөлім әскери қызметшілерінің қызметтік куәліктерін, келушілердің жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеру;

3) әскери бөлімнің әскери қызметшілері мен келушілерді, сондай-ақ олардың қол жүгін және енгізілетін заттарды қарап-тексеру болып табылады. Жеке заттарды қарап-тексеру арнайы жабдықты пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Арнайы техникалық бақылау құралдары іске қосылған жағдайда кезекші наряд келушіге көзбен қарап тексеру үшін заттарын көрсетуді ұсынады;

4) келушілердің кіруі біржолғы рұқсаттамалар бойынша. Келушілерге біржолғы рұқсаттаманы ресімдеуді және беруді бақылау-өткізу пункті бойынша кезекші еріп жүруге жауапты әскери қызметші келгеннен кейін ғана жүзеге асырады. Біржолғы рұқсаттамалар адамдарға бір баруға беріледі және олар әскери бөлім аумағында болған кезінде ғана жарамды болады;

5) келушілерді әскери бөлім аумағы бойынша алып жүру;

6) арнайы құрылғылар мен жабдықтарды пайдалана отырып, көлік құралдарын тексеріп қарауды қамтиды. Көлік құралдарының кіруі (шығуы), сондай-ақ мүлікті әкелу (әкету) жүргізуші құжаттары, жол (бағыт) парақтары, мүлікке нарядтар (жүкқұжат) болған кезде жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тарау 20-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 28.12.2022 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Қызметкерлердің ауызша өкімі бойынша Министрлік объектілеріне келушілердің кіруіне (шығуына) жол берілмейді.

Дағдарыс жағдайы туындаған жағдайда кезекші наряд шұғыл хабарлау үшін тиісті аумақтағы полиция департаменті жедел басқару орталығының кезекші бөліміне шығарылған дабыл сигнализациясы батырмасын іске қосады.

Республика аумағындағы төтенше жағдайлар кезінде келушілерді тиісті аумақтағы Министрлік объектілеріне өткізу тоқтатылады.

22. Кезекші наряд әкелуге рұқсат етілген заттарды баянатта көрсетілген деректермен салыстыруды жүзеге асырады.

Министрлік объектілеріне алып өтуге тыйым салынған заттардың тізбесі осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада көрсетілген.

23. Бөлімшелер ғимараттарына келушілер бір реттік рұқсаттамалар бойынша жіберіледі.

Келушілерге біржолғы рұқсаттаманы ресімдеуді және беруді кезекші наряд Заңда белгіленген жұмыс уақытында жүргізеді. Біржолғы рұқсаттаманы кезекші наряд тек ілесіп жүруге жауапты қызметкер келгеннен кейін ғана толтырады, оның деректері осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаның нысаны бойынша біржолғы рұқсаттамаларды есепке алу журналында тіркеледі.

Біржолғы рұқсаттамалар адамдарға бір рет келуге беріледі және олар ведомствоның немесе аумақтық бөлімшенің ғимаратында болған кезде ғана жарамды болады.

Қызметкерлердің еріп жүруінсіз келушілер ғимаратқа және аумаққа жіберілмейді.

24. Өткізу режимін жүзеге асыратын кезекші наряд:

1) демалыстан басқа күн сайын келушілерге біржолғы рұқсаттамаларды жазып береді демалыс және мереке күндерін көрсете отырып, жеке басын куәландыратын құжаттың;

2) пайдаланылған біржолғы рұқсаттамаларды тігеді және тиісті өтінімдерді айдың соңында арнайы жұмыс бөлімшелеріне сақтауға тапсырады.

25. Келушілердің құжаттарын тексеру кезінде кезекші наряд мыналарға назар аударады:

1) кіретін адамның жеке басын куәландыратын құжаттағы фотосуреттің сыртқы келбетіне сәйкестігі мақсатпен құжаттың ұсынушыға тиесілігіне көз жеткізеді;

2) құжаттың қолданылу мерзімі;

3) құжатта қолдан жасау және Түзету белгілерінің болмауы, сондай-ақ тиісті мөр мен голограмманың болуы;

4) бір жолғы рұқсаттамада қабылдауға жауапты адамның қолының болуы және келушінің шығу уақыты.

26. Демалыс, мереке күндері және жұмыстан тыс уақытта аумаққа және ғимаратқа кіруге рұқсат етіледі:

1) басшылыққа;

2) Бақылау-өткізу пунктiне Департамент басшылығы бұрыштама қойған баянат бойынша қызметкерлерге бақылау-өткізу пунктiне тәулігіне;

3) кесте бойынша жауаптылар ретінде түсетін қызметкерлерге қызмет өткерудің күшейтілген нұсқасы кезеңінде кезекшілік кезінде және тексерушілер;

4) ғимаратқа қызмет көрсететін персонал кіреді.

27. Жауапты және тексеруші адамды қоспағанда, қызметкерлердің бөлімше ғимараттарына түнгі уақытта келуіне жол берілмейді.

28. Министрлік объектілерінің аумақтарында және ғимараттарында шатырлы, жертөле және технологиялық үй-жайларға бару, құрылыс-жөндеу жұмыстарын жүргізу еріп жүретін қызметкердің қатысуымен ғана жүзеге асырылады.

3 -тарау. Профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

29. Профилактикалық және оқу іс-шаралары террористік тұрғыдан осал Министрлік объектілерінің басшылары, қызметкерлері нұсқамалар мен сабақтар (практикалық және теориялық) түрінде жүргізіледі.

Объектілерде өткізу режимін жүзеге асыратын күзет қызметі субъектілерінің қызметкерлерімен профилактикалық және оқу іс-шараларын талаптардың 18-тармағына сәйкес күзет қызметі субъектісінің басшылығы жүргізеді.

30. Профилактикалық іс – шараларды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың терроризмге қарсы комиссиясының (бұдан әрі-терроризмге қарсы комиссия), сондай-ақ республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) және Министрліктің террористік тұрғыдан осал объектілерінің қызметкерлерінің үйлестіруі кезінде орталық уәкілетті мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының аумақтық бөлімшелері тұрақты негізде ұйымдастырады.

31. Терроризмге қарсы комиссия Министрліктің террористік тұрғыдан осал объектілері қызметкерлерінің хабардарлығын арттыруға бағытталған профилактикалық іс-шараларды үйлестіреді, азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін қоспағанда, атап айтқанда:

1) террористік сипаттағы өзекті қатерлер туралы;

2) террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бөлігінде терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық базасы туралы;

3) терроризм актісін жасауға кедергі келтіретін (объектіге қатысты терроризм актісін жасау қатерін азайту), сондай-ақ ықтимал террористік қатерлерден болатын салдарларды барынша азайтуға және (немесе) жоюға ықпал ететін жағдайлар жасау туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 28.12.2022 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Жедел штаб басшылығы эксперименттер жүргізу арқылы жүзеге асырылатын профилактикалық іс-шараларға санкция береді.

Эксперименттер объектіні күзету бөлімшелерінің террористік сипаттағы қауіп төнген жағдайда бірінші кезектегі іс-қимылдарға әзірлігін бағалауға бағытталған.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 28.12.2022 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Профилактикалық және оқу іс-шараларын өткізудің мақсаты Министрлік объектілерінде терроризм актілерін жасау мүмкіндіктерінің алдын алуға және жолын кесуге бағытталған шараларды қамтамасыз ету, сондай-ақ Министрлік қызметкерлерін терроризм актілерін жасау немесе жасау қауіпі жағдайында іс-қимылдарға, оның салдарларынан қорғау тәсілдеріне, объекіден келушілер мен жеке құрамды қауіпсіз және уақтылы эвакуациялауға үйрету болып табылады.

34. Профилактикалық және оқу іс-шараларының негізгі нысқаналар, эксперименттер, теориялық және практикалық (жаттығулар) сабақтар болып табылады.

35. Профилактикалық іс-шаралар тұрақты негізде жүргізіледі және мыналарды қамтиды:

1) осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес кадр саясаты, төтенше жағдайларды жою және (немесе) азаматтық қорғаныс бөлімшелерінің лауазымды адамдары жылына кемінде бір рет өткізетін Министрлік объектілері қызметкерлеріне жоспарлы терроризмге қарсы нұсқама;

2) Министрлік объектісінің басшысы қандай да бір аумақта немесе оның нұсқауы бойынша өзге де лауазымды адамдар өткізетін жоспардан тыс терроризмге қарсы нұсқама:

объект орналасқан өңірде террористік қауіптілік деңгейін енгізу;
терроризм актісінің орын алу қауіпі туралы ақпараттың болуы;
оқу-жаттығуларға, жаттығуларға, эксперименттерге дайындық;
күзет іс-шараларын өткізуге дайындық.

Жоспардан тыс нұсқаманың мазмұны әрбір нақты жағдайда оны жүргізу қажеттілігін тудырған себептер мен жағдайларға байланысты айқындалады;

3) Министрлік объектілерінің қызметкерлерін ақпараттық қамтамасыз ету, терроризм актісі туындаған немесе қауіп төнген кезде ден қою шаралары туралы визуалды және дыбыстық ақпарат;

4) терроризм актісін жасауға кедергі келтіруге Министрлік объектісінің әзірлік режимін бағалау, салдарларын барынша азайту мен жоюды қамтамасыз ету мақсатында терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штаб басшысының нұсқауы бойынша жүргізілетін эксперименттер.

36. Оқу іс-шаралары Министрлік объектілерінің басшыларымен және жеке құрамымен, сондай-ақ тәуліктік кезекшілікке түсетін қызметкерлермен теориялық және практикалық (жаттығулар) сабақтарды ұйымдастыруды және өткізуді қамтиды.

Оқу іс-шаралары қызметкерлерді терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қаупі жағдайында іс-қимыл жасауға, оның зардаптарынан қорғау тәсілдеріне, бөлімшеден келушілер мен қызметкерлерді қауіпсіз және уақтылы эвакуациялауға үйретуді қамтамасыз етуге тиіс.

37. Министрлік объектілерінің қызметкерлерімен теориялық және практикалық сабақтар қандай да бір бөлімшенің басшысы бекіткен графикке сәйкес жылына кемінде бір рет кезеңділікпен өткізіледі және терроризм актілерінің ықтимал салдарларын уақтылы болғызбау, терроризмге қарсы қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалану, үй-жайларды қарап тексеру техникасы, жарылыс құрылғыларын салудың ықтимал орындарын анықтау, адамдарды, сондай-ақ тауар-материалдық құндылықтарды құтқару және эвакуациялау тәсілдері мен амалдары бойынша дағдылар мен іс-қимылдарға үйретуге ықпал етуге тиіс.

Теориялық сабақтар барысында тиісті ақпарат жеткізіледі, практикалық сабақтар (жаттығулар) барысында осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес Министрлік объектілері қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритміне сәйкес терроризм актісі туындаған немесе қаупі төнген кезде ден қою шаралары пысықталады.

38. Нұсқамалар мен сабақтар өткізу туралы осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес бойынша терроризмге қарсы қорғау жөніндегі оқу іс-шараларын есепке алу журналында жазба жүргізіледі, сондай-ақ сабақ және (немесе) жаттығу өткізу аяқталғаннан кейін осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес өткізу туралы есеп жасалады.

4-тарау. Террористік көріністерге ден қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісінің нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыруға қойылатын талаптар

39. Министрлік объектілері қызметкерлерінің уәкілетті мемлекеттік органдармен және жедел штабтармен өзара іс-қимылы терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қатерлеріне ден қоюға дайындықты қамтамасыз ету, терроризмге қарсы әртүрлі деңгейдегі оқу-жаттығуларды, жаттығуларды, эксперименттерді, сондай-ақ терроризмге қарсы операцияларды дайындау және өткізу шеңберінде тұрақты негізде ұйымдастырылады.

40. Министрлік объектілерінің басшылары мен лауазымды адамдары терроризмге қарсы әртүрлі деңгейдегі оқу-жаттығуларды, жаттығуларды, эксперименттерді және терроризмге қарсы операцияларды дайындау және өткізу кезінде уәкілетті мемлекеттік органдарға және (немесе) жедел штабтарға жәрдем көрсетеді.

41. Министрліктің объектісінде терроризм актісін дайындау немесе жасау туралы хабарлама алған кезде осы объектінің басшылары терроризм актісін болғызбауға, оның салдарын барынша азайтуға және терроризмге қарсы күрес бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді орындау бойынша уәкілетті органдарға барынша жәрдем көрсетуге жіберіледі.

42. Терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қатеріне ден қоюға әзірлікті қамтамасыз ету шеңберінде бөлімшелер қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін әзірлейді:

1) терроризм актісінің (актілерінің) жасалу қатері немесе жасалуы туралы Қазақстан Республикасының аумақтық ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарын дереу хабардар ету бойынша;

2) терроризм актісінің (актілерінің) жасалу қатері немесе жасалуы туралы уәкілетті мемлекеттік органдардан ақпарат алған кезде;

3) жасалған терроризм актісі нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді барынша азайтуға және жоюға бағытталған бастапқы ден қою іс-шараларын орындау бойынша шаралар қабылдайды.

43. Қауіптің сипатына қарай Министрлік объектісінің басшысы:

1) уәкілетті органдарды хабардар етуді дереу жеке өзі немесе Бірыңғай кезекші диспетчерлік қызмет бөлімшелері арқылы әрекет етеді, олар өз кезегінде өздерінің иелігіндегі байланыс құралдары арқылы ақпаратты аумақтық ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарына, сондай-ақ жоғары тұрған басшылыққа жедел жеткізеді (қайталайды);

2) Министрлік объектісі қызметкерлерінің, келушілердің және объектідегі өзге де тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болып табылады;

3) табиғи және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде өзара іс-қимыл жоспарын қолданысқа енгізуге бағытталған шараларды қабылдайды.

44. Объектіге терроризм актісінің жасалу қатеріне мыналар жатады:

1) объектіге дайындалып жатқан террористік акт туралы хабарламаны алуға (оның ішінде жасырын түрде);

2) күзетілетін аумаққа тыйым салынған заттарды заңсыз әкелу (әкелу) әрекеттері;

3) объектінің аумағында салынған құрылғыларды немесе мақсаты белгісіз заттарды табу;

4) объект қызметкерлерінің ескертулеріне ден қоймайтын белгісіз күдікті адамдар тобы объектісінің жанындағы алым;

5) егер объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуші қызметкерлердің пікірі бойынша бұл террористік актіге дайындық іс-шаралары болып табылуы мүмкін болса, объектінің жанындағы азаматтық адамдардың басқа да күдікті іс-әрекеттеріне тыйым салу кіреді.

45. Террористік қауіптілік деңгейлерін белгілеу кезінде Министрлік қабылдайтын жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі

шаралармен қатар, "Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 9 тамыздағы № 611 Жарлығына сәйкес объектілердің басшылары (немесе тұлғалар) террористік қауіптілік деңгейін белгілеу кезінде объектілердің мынадай қауіпсіздік шаралары қолданылады:

1) террористік қауіптіліктің "сары" деңгейінде:

объектіде өткізу режимін күшейту;

қауіпсіздік, құлақтандыру, бейнебақылау және күзет сигнализациясы жүйелерінің жұмыс қабілеттілігін тексеру және қамтамасыз ету;

келушілерді, персоналды және көлік құралдарын, қажет болған жағдайда арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып тексеру;

алынған ақпаратқа қарай тиісті саладағы мамандарды тарта отырып, күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілеріне, дағдарыс жағдайларын оқшаулау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын объектілердің персоналына, қызметшілері мен жұмыскерлеріне нұсқама беру;

терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қатері төнген кезде персоналмен іс-қимыл бойынша оқу іс-шараларын өткізу;

эвакуацияланған адамдардың уақытша болатын орындарын, материалдық құндылықтарды анықтай отырып, объектілерді шұғыл эвакуациялау мәселелерін пысықтау

және құжаттама;

2) террористік қауіптіліктің "қызғылт сары" деңгейі кезінде (террористік қауіптіліктің "сары" деңгейі белгіленген кезде қабылданатын шаралармен қатар):

терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісінің нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша терроризмге қарсы күрес жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, жедел штабтармен бірлескен іс-қимылдарды пысықтау;

күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілерін, дағдарысты жағдайларды оқшаулау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын объектілердің персоналын, қызметшілері мен жұмыскерлерін жоғары дайындық режиміне келтіру;

қажет болған кезде қауіпті өндірістік объектілердің қызметін және күзет қызметін тоқтата тұру;

3) террористік қауіптіліктің "қызыл" деңгейі белгіленген кезде (террористік қауіптіліктің "сары" және "қызғылт сары" деңгейлері енгізілген кезде қолданылатын шаралармен қатар):

адамдарды құтқару жөнінде шұғыл шаралар қабылдау, құтқару қызметтері мен құралымдарының үздіксіз жұмыс істеуіне жәрдемдесу;

қажет болған жағдайда объектілердің қызметін тоқтата тұру;
күзет қызметін тоқтата тұру.

46. Министрлік объектісінің басшысы не олар уәкілеттік берген адам терроризм актісі немесе оны жасау қаупі туралы ақпаратты уәкілетті органдарға жеткізгеннен кейін объектіге дереу келуге және Нұсқаулыққа 4-қосымшада көрсетілген алгоритмдерге сәйкес жағдайға байланысты іс-қимыл жасауға міндетті.

5 -тарау. Террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспортын әзірлеуге және оның айналымына қойылатын талаптар

47. Объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспорты (бұдан әрі – паспорт) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 51 бірлескен бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32950 болып тіркелген) бекітілген террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортына (бұдан әрі – үлгілік паспорт) сәйкес екі данада жасалады, электрондық нұсқасы бірге әзірленеді.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 25.07.2024 № 287 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Өзіне сеніп тапсырылған объектіні террористік тұрғыдан осал объектілердің, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тізбесіне (бұдан әрі – аумақтық тізбе) енгізу туралы хабарлама алғаннан кейін Министрлік объектісінің басшысы паспортты әзірледі, ол болмаған жағдайда паспортты жаңалауды ұйымдастырады.

49. Паспорт объектіні объектілердің аумақтық тізбесіне енгізілген кезден бастап қырық бес жұмыс күні ішінде әзірленеді.

Паспортты әзірледі әрбір объектіге жеке-жеке төтенше жағдайларды жою бөлімшелері жүзеге асырады.

50. Аумақтық тізбеге енгізілген бөлімше паспортының жобасы жасалғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде Үлгілік паспортта көрсетілген лауазымды адамға келісуге жіберіледі.

Паспорт жобасын келісу мерзімі үлгілік паспортта көрсетілген лауазымды адамға паспорт келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

51. Паспорттың жобасына ескертулер болған жағдайда, ол паспорттың жобасын жіберген тұлғаға қайтаруға себеп болған себептерді көрсете отырып қайтарылады.

Паспорттың жобасы қайтарылған күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде пысықталады.

Қайта келіп түскен паспорттың жобасын келісу мерзімі (бұрын көрсетілген ескертулерді орындау үшін) жеті жұмыс күнінен аспауға тиіс.

52. Келісілгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде паспортты (оның ішінде оны жаңарту кезінде) оның құқық иеленушісі болып табылатын Министрлік объектісінің басшысы бекітеді.

53. Паспорттың данасы әзірленгеннен, келісілгеннен және бекітілгеннен кейін жауапты адамдарда сақталуы тиіс;

1) Министрліктің орталық аппаратының объектісіне арнайы жұмыстар Басқармада сақталады және мұрағатқа тапсыруға жатпайды;

2) ведомстволық бағынысты ұйымның, Министрліктің аумақтық органының объектісіне арнайы жұмыс бөлімшесінде сақталады және мұрағатқа тапсыруға жатпайды.

54. Талаптың 47-тармағына сәйкес паспорт толық ауыстырылуға жатады:

1) кемінде 5 жылда бір рет;

2) паспорт мәтіні тармақтарының жартысынан астамына түзетулер енгізген жағдайда.

Күші жойылған паспорт тиісті акт жасала отырып, комиссиялық тәртіппен жойылуға жатады.

Акт бөлімшеде қалады, актінің көшірмесі паспорттың екінші данасы сақталатын жерге жіберіледі.

55. Талаптың 47-тармағына сәйкес паспорттың мәліметтері шектеулі сипатта болады, олармен жұмыс істеу тәртібі қолжетімділігі шектеулі ақпаратқа қойылатын заңнама талаптарымен айқындалған.

56. Паспорт терроризмге қарсы операция, оқу-жаттығулар, жаттығулар мен эксперименттер жүргізілген жағдайда пайдаланылады.

6-тарау. Террористік тұрғыдан осал объектілерді инженерлік-техникалық жабдықпен жарақтандыруға қойылатын талаптар

57. Объектілердің терроризмге қарсы қорғалуына сараланған талаптарды белгілеу мақсатында Министрлік объектілерін мынадай топтарға бөлу жүргізіледі:

1) бірінші топтың объектілері – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрлігі және "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесінің объектілері;

2) екінші топтағы объектілер – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың Төтенше жағдайлар департаменттері, сондай-ақ Өнеркәсіптік қауіпсіздік департаменттері, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Азаматтық қорғау академиясы", азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері және Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметтері, сондай-ақ олар жетекшілік ететін өрт сөндіру бөлімдері.

Ескерту. 57-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 28.12.2022 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Бірінші топтың объектілері мемлекеттік күзетуге жататын объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуы жөніндегі қағидалардың талаптарына сәйкес жаракталады.

59. Екінші топтың объектілері:

1) рұқсат етілмеген қолжетімділікті және объектінің режимдік шарттарын қанағаттандыратын: периметрді, объектінің аймақтары мен жекелеген учаскелерін қоршау (физикалық тосқауыл); бақылау-өткізу пункттері; объект ғимараттарының, құрылыстарының, оның терезе ойықтарының қабырғаларының нығайтылуы; кіруді бақылау және басқару құралдары, қолжетімділікті шектеу, тексеру, жарықтандыру жүйелері мен құралдары, сыртқы периметрді бақылаудың өзге де жүйелері болдырмайтын объект периметрін жабдықтау бойынша;

2) объектідегі жағдайды бақылау бойынша: байланыс, құлақтандыру, күзет және дабыл (оның ішінде "дабыл түймелері" – мобильді немесе стационарлық дабыл беру құралдары) сигнализация жүйелері мен құралдары, телевизиялық күзет жүйелері;

3) қауіпсіздік жүйелерінің жұмысын қамтамасыз ететін: резервтік, үздіксіз электрмен жабдықтау жүйелері мен құралдары.

60. Қоршау күрделі құрылыстар болып табылады және үлгі жоба бойынша салынуы тиіс. Негізгі қоршаулардың ең жетілдірілген үлгісі қазуға төтеп беру тұрғысынан темір бетон цокольмен немесе жерге 200-400 мм қазылған арматуралық тормен күшейтілген темір бетон және тор көзді болып табылады.

Объектілер аумақтары қоршауының биіктігі кемінде 2,5 метр темірбетон тақталарынан немесе қалыңдығы кемінде 2 мм тұтас металл қаңылтырдан, ал қар түскендегі тереңдігімен бір метрден көп аудандарда - кемінде 3 метр жасалады. Объектілердің ерекшеліктерін ескере отырып, МКҚ-мен келісім бойынша оның маңындағы құрылыстардың жалпы кейпіне сай металл конструкциялар (қалыңдығы кемінде 18 мм, арасындағы саңылау 100 мм-ден аспайтын шыбық түрінде жасалған металл торлы дуал) жасауға рұқсат етіледі. Қоршау тік бұрышты, бақылау және техникалық күзет құралдарының қолданылуын қиындататын иіндер мен бұрылыстарсыз, сыртқы томпақ жерлер мен ойықтарсыз болуы керек.

Негізгі қоршаудың:

1) еркін өтуді болдырмайтын және объектінің режимдік шарттарын қанағаттандыратын биіктік пен топыраққа тереңдік;

2) дизайн қарапайымдылығы, жоғары беріктігі мен көпке жарамдылығы;

3) оны еңсеруді жеңілдететін тораптар мен конструкциялардың болмауы тиіс.

61. Периметр қоршауы мынадай сипаттамаларға сәйкес болуы тиіс:

1) барлық маусымдар мен тиісті климаттық аймақтардың сыртқы климаттық факторларына төзімділігі;

2) индустриялық кедергілерден және көлік құралдары, құстар мен жануарлар тудыратын кедергілерден қорғалуы;

3) қоршау бақылауды шектейтін және қауіпсіздіктің техникалық жүйелерін қолдануды қиындататын иілімдер мен бұрылыстардың ең аз саны бар тік сызықты учаскелер түрінде орындалады;

4) объектінің (аумақтың) периметрінің жалғасы болып табылатын ғимараттардан басқа, қоршауға қандай да бір жапсарлас құрылыстар жанаспауы тиіс. Бұл ғимараттардың күзетілмейтін аумаққа шығатын бірінші қабаттарының терезелері металл торлармен жабдықталады;

5) қоршауда тесіктер, сынықтар және басқа да зақымданулар, сондай-ақ жабылмайтын есіктер, қақпалар мен есіктер болмауы тиіс;

6) объект периметрінің қоршауы күзеттік жарықтандыру, бейнебақылау жүйесімен жабдықталады;

7) объектіге (аумаққа) кіру (кіру) орындары қақпалармен және есіктермен жабдықталады;

8) электр жетегі және қашықтықтан басқарылатын қақпалар авариялық тоқтату және электр қорегі бұзылған немесе ажыратылған жағдайда қолмен ашу құрылғыларымен жабдықталады;

9) өткізу режимі белгіленген немесе оны енгізу жоспарланып отырған объектілерде (аумақтарда) адамдардың өтуі мен көліктің өтуі үшін бақылау-өткізу пункті жабдықталады.

62. Бақылау-өткізу пункттерінің саны адамдар мен көлік құралдарының қажетті өткізу қабілетін қамтамасыз етуге тиіс.

Бақылау-өткізу пункттері сыртқы және (немесе) ішкі болуы мүмкін.

Сыртқы бақылау-өткізу пункті қоршау болған кезде жабдықталады.

Объектіге (аумаққа) байланысты бақылау-өткізу пунктінде мыналар көзделеді:

рұқсаттамаларды сақтауға және ресімдеуге арналған үй-жай;

объект қызметкерлері мен келушілерінің жеке заттарын сақтау камерасы;

күзет қызметкерлерінің демалуына арналған үй-жай және қауіпсіздіктің техникалық жүйелерін орналастыруға арналған үй-жай;

Ашу, өту (өту) механизмдерін, жарықтандыруды және стационарлық қарап тексеру құралдарын басқару құрылғылары бақылау-өткізу пунктінің үй-жайында немесе оның сыртқы қабырғасында объект периметрінің ішкі жағынан орналастырылады.

Автокөлікті тексеру үшін бақылау-өткізу пунктінде қарау алаңдары жабдықталады.

Бақылау-өткізу пунктінің терезелері мен есіктері қорғаныш конструкцияларымен жабдықталады.

Бақылау-өткізу пункті арқылы адамдардың өтуі үшін турникеттермен жабдықталған дәліз көзделуі тиіс.

Объектідегі сыртқы кіру есіктері сыртқа қарай ашылуы тиіс.

Егер үй-жайдың барлық терезе ойықтары торлармен жабдықталса, олардың біреуі ашылатын (айқара ашылатын, жылжымалы) етіп жасалады.

63. Объектіні кіруді бақылау және басқару жүйесімен жарақтандыру объектіге және (немесе) оның аймақтарына (учаскелеріне) персонал мен келушілердің кіруінің әртүрлі деңгейін көздейтін аймақтар бойынша жүргізіледі.

Кіруді бақылау және басқару жүйелері терроризм актісіне әрекет жасау немесе ықтимал жасау кезінде объективті тергеуді қамтамасыз ету, дәлелдемелер базасын қалыптастыру, объект персоналының немесе бөгде адамдардың санкцияланбаған әрекеттері кезінде тергеп-тексерулер жүргізу мақсатында барлық оқиғаларды кейіннен бір мәнді жіктеу үшін архив ақпарат жеткізгіштерінде автоматты түрде жазуды және бір жыл бойы сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.

Персонал мен келушілердің жүріп өтуі (болуы) аз объектілер үшін объектіні объектіге және (немесе) оның ықтимал қауіпті учаскелері мен қауіпті аймақтарына кіруді шектеу құралдарымен ғана жабдықтауға жол беріледі.

64. Объектілер объектідегі және (немесе) оның ықтимал қауіпті учаскелеріндегі жағдайға бақылау жүргізу, сондай-ақ жағдайды бағалау және объектілердің бейнекамераларын тиісті аумақтағы полиция департаменттерінің жедел басқару орталықтарына біріктіре отырып, құқық бұзушылардың іс-қимылын тіркеу үшін санкцияланбаған кіру фактісін көзбен шолып растау мақсатында телевизиялық күзет жүйелерімен жарақтандырылады.

Телевизиялық күзеттік жүйелердің техникалық сипаттамалары Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 69-ке бұйрығымен бекітілген бейнемониторингтің ұлттық жүйесінің жұмыс істеу Қағидаларына (бұдан әрі – бейнемониторингтің ұлттық жүйесінің жұмыс істеу қағидалары) 2-қосымшада көзделген бейнебақылау жүйелерінің ең төменгі техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес келуі тиіс (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21693).

65. Телевизиялық күзет жүйесімен жабдыкталады:

- 1) аумақтың периметрі;
- 2) бақылау-өткізу пункттері;
- 3) тексеріп қарау үй-жайлары (бөлмелері), көлікті тексеріп қарау аймағы;
- 4) бас және қосалқы кіру есіктері;
- 5) ықтимал қауіпті учаскелері бар аумақ пен үй-жайлар, оларға апаратын үй-жайлар (орындар), дәліздер;

6) объект басшысының қалауы бойынша басқа да үй-жайлар жатады.

66. Телевизиялық күзет жүйесі қамтамасыз етеді:

1) көрнекі ақпаратты автоматтандырылған режимде күзет бөлімшесінің арнайы бөлінген үй-жайындағы Жергілікті бақылау пунктiнiң не орталықтандырылған күзет пунктiнiң мониторларына берудi қамтамасыз етедi;

2) оқиғаларды кейiннен талдау үшiн бейнеақпаратты сақтау (ақпаратты сақтау мерзiмi кемiнде 30 тәулiктi құрайды);

3) бейнежазбаға жедел қол жеткiзу;

4) ұлттық бейнемониторинг жүйесiнiң жұмыс iстеу қағидаларында айқындалған тәртiппен және шарттарда Ұлттық бейнемониторинг жүйесiне қосылу мүмкiндiгi.

67. Объектiлер объектiге және (немесе) объектiнiң қорғалатын аймағына рұқсатсыз кiру немесе кiруге әрекет жасау туралы хабарламаларды анықтау және беру мақсатында күзет және дабыл сигнализациясы жүйелерiмен және құралдарымен жарақталады.

Күзет сигнализациясы жүйесiнiң құрылымы мыналарға сүйене отырып айқындалады:

1) осы объектiнiң жұмыс режимi;

2) үй-жайлардың ғимарат iшiнде орналасу ерекшелiктерi;

3) күзетiлетiн аймақтар саны.

68. Объектiлер тәулiктiң қараңғы уақытында олардың терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында күзеттiк жарықтандыру жүйелерiмен және құралдарымен жабдықталады.

Күзеттiк жарықтандыру объектiнiң тәулiктiң қараңғы уақытында периметрдiң кез келген нүктесiнде енi 3-4 метр тұтас жолақ құрай отырып, кемiнде 10 люкс жарықпен қамтамасыз етiлуге тиiс.

69. Күзетудегi объектiлер күзет бөлімшелерiнiң күштерi мен құралдарын басқару үшiн ақпарат алмасу мақсатында байланыс жүйелерiмен және құралдарымен жарақталады.

Байланыс жүйесi күзет пунктiндегi кезекшi мен қызмет көрсету аумағындағы күзет нарядтары арасындағы, қызмет көрсету аумағы шегiндегi күзет нарядтары арасындағы екi жақты радиобайланысты қамтамасыз етуге тиiс.

70. Объект персоналы мен келушiлерiн штаттан тыс жағдайдың туындауы (терроризм актiсiнiң жасалу немесе жасалу қаупi және туындаған салдарлар туралы) туралы жедел хабардар ету және олардың әрекеттерiн үйлестiру мақсатында объектiлер құлақтандыру жүйелерiмен және құралдарымен жарақтандырылады.

Объектiнiң персоналы мен келушiлерiн құлақтандыруды қамтамасыз ету техникалық құралдардың көмегiмен жүзеге асырылады:

1) ғимараттарға, үй-жайларға, адамдар тұрақты немесе уақытша болатын объект аумағының учаскелерiне дыбыстық және (немесе) жарықтық сигналдар берудi қамтамасыз етедi;

2) қауіптілік сипаты, эвакуациялау қажеттілігі мен жолдары, объект персоналы мен келушілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да іс-қимылдар туралы сөйлеу апаратын трансляциялауды қамтиды.

Хабарлағыштардың саны және олардың қуаты адамдар тұрақты немесе уақытша болатын барлық жерлерде қажетті естілуді қамтамасыз етуі тиіс.

71. Күзет және дабыл сигнализациясы, кіруді бақылау және басқару жүйелері негізгі желілік қоректену болмаған кезде жабдықтың кемінде 2 сағат жұмысын қамтамасыз ететін аккумуляторлық қолдауы бар үздіксіз қоректендіру көздерін қамтуы тиіс.

Автономды резервтік электрмен қоректендіру көздері кіруді бақылау және басқару жүйесінің, телевизиялық бейнебақылау жүйесінің, күзет және кезекші жарықтандырудың жұмысын қамтамасыз етуге тиіс:

- 1) қалалар мен қала үлгісіндегі кенттерде – кемінде 24 сағат;
- 2) ауылдық аудандарда-кемінде 48 сағат;
- 3) қатынауы қиын аудандарда – кемінде 72 сағат.

72. Объектілердің ғимараттары мен құрылыстарының инженерлік-техникалық нығайтылуы құқық бұзушылардың объектіге және оның ішіне кіруінің шешілуін қамтамасыз етуге тиіс.

73. Объектілерде ғимараттардың терезе, есік ойықтарын (оққа төзімді шынылармен, жарылыстан қорғайтын үлдірмен, торлармен жабдықтау), құрылыстарды, үй-жайларды, құлыптарды және бекіткіш құрылғыларды, өзге де инженерлік-техникалық шешімдерді қорғау құралдарын қолдану объектілердің қорғалу деңгейінің артуына байланысты болуға, сондай-ақ өзге де инженерлік-техникалық құралдардың болмауын өтеуге тиіс.

74. Көліктік бақылау-өткізу пункттерінде және объект аумағына өзге де кіреберістерде қоршауда олардың жабық жағдайда қатаң бекітілуін қамтамасыз ететін конструкциясы бар қақпалар жабдықталады.

Қақпалар мен есіктердің бекіткіш және бекіткіш құрылғылары қиратушы әсерлерден талап етілетін қорғауды қамтамасыз етуі, судың, қардың, бұршақтың, құмның және басқа да факторлардың тікелей әсер етуі кезінде осы климаттық аймаққа тән қоршаған ауаның температурасы мен ылғалдылығы ауқымында жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс.

75. Қарап тексерудің техникалық құралдары қаруды, объектіге және объекіден рұқсатсыз шығаруға (әкелуге), әкелуге (әкетуге) тыйым салынған басқа да заттар мен заттарды табу үшін объектілерде қолданылады.

Объектіні техникалық қарап тексеру құралдарымен жарақтандыру объектілерге тән қатерлерге, оның жұмыс істеу ерекшеліктеріне сәйкес келуге тиіс.

76. Қажет болған кезде объектілерде күзет бөлімшелерінің және (немесе) олардың қарауылдарының үй-жайлары жабдықталады, оларды ғимараттардың бірінші

қабатында орналастыру ұсынылады. Бұл ретте үй-жайдың конструкциясы ғимараттардың тиісті санатына қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Террористік тұрғыдан осал объектілерді осы тарауда тікелей көрсетілмеген, бірақ сол міндеттер мен функцияларды орындайтын немесе сол мақсаттарға жауап беретін өзге де инженерлік-техникалық жабдықпен жарақтандыруға жол беріледі.

77. Террористік тұрғыдан осал барлық объектілер міндетті түрде телевизиялық күзет жүйелерімен және құлақтандыру жүйелерімен жарақтандырылады.

78. Осы Нұсқаулықтың 77-тармағында көрсетілген жүйелерді қоспағанда, бөлімшелерді осы тарауда көзделген инженерлік-техникалық жабдықпен жабдықтау мүмкін болмаған жағдайда, осы Нұсқаулыққа сәйкес олардың болмауын өтейтін өзге де инженерлік-техникалық шешімдер және (немесе) қауіпсіздік шаралары қабылданады.

79. Талаптың 56-тармағына сәйкес объектіні салуды, реконструкциялауды, жаңғыртуды, күрделі жөндеуді жобалау кезінде объектінің меншік иесі, иеленушісі (оның ішінде әлеуетті) объектінің объектілерді инженерлік-техникалық жарақтандыру өлшемшарттарына сәйкестігін анықтауы қажет. және қажет болған жағдайда тиісті инженерлік-техникалық жарақтандыруды көздеу қажет.

80. Террористік тұрғыдан осал объектілер меншік иесінің, иеленушісінің, басшысының немесе өзге де лауазымды адамдарының шешімі бойынша, объектіде қосымша инженерлік-техникалық жабдық орнатылуы мүмкін.

81. Объектілерді инженерлік-техникалық жабдықтармен жобалау және жарақтандыру үшін террористік тұрғыдан осал объектілердің меншік иелері, иеленушілері, басшылары оның ықтимал қауіпті учаскелерін айқындайды.

Осы учаскелерге апаратын бағыттарда инженерлік-техникалық жарақтандырудың барынша жоғары тығыздығы қамтамасыз етіледі.

82. Объектіні инженерлік-техникалық жабдықпен жарақтандыру жөніндегі іс-шараларды аяқтау мерзімі осы сәттен бастап 6 айдан аспайды:

1) аумақтық тізбелерге кіретін объектілер үшін объектіге террористік тұрғыдан осал мәртебе беру туралы хабарлама алу;

2) ведомстволық тізбеге кіретін объектілер үшін объектіге террористік тұрғыдан осал мәртебе беру.

Бұл ретте, объектішілік Бейнебақылау жүйелерін ұлттық бейнемониторинг жүйесіне қосу мерзімдері ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында айқындалады.

83. Объектінің инженерлік-техникалық жабдығы әрдайым жұмыс жағдайында ұсталуы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің қарамағындағы
террористік тұрғыдан осал
объектілердің терроризмге

Объектілерге алып өтуге тыйым салынған заттардың тізбесі

1. Қару (атыс қаруы; жарақат салатын, газбен және сәулемен-дыбыспен әсер ететін патрондары бар ұнғысыз қару; суық қару, сондай-ақ суық қаруға жатпайтын әртүрлі түрдегі пышақтар; лақтыратын; пневматикалық; газбен; электрмен; белгі беретін қару және зақымдаушы әсері радиоактивті сәулеленуді және биологиялық әсерді пайдалануға негізделген өзге де заттар; зақымдаушы әсері электромагниттік, жарық, жылу, инфрадыбыстық немесе ультрадыбыстық сәулеленуді пайдалануға негізделген қару және өзге де заттар; қарудың; қару ретінде пайдаланылуы мүмкін заттар (соққы-жару, лақтыру және тесу-кесу әрекеттері заттары); Қаруға оқ-дәрілер және оның құрамдас бөліктері).

2. Механикалық және аэрозольдық бүріккіштер және адам ағзасына жас ағызатын, тітіркендіретін және басқа да жағымсыз әсерлермен жабдықталған басқа да құрылғылар.

3. Жарылғыш; есірткі; психотроптық; улы; уландырғыш; радиоактивті; күйдіргіш; пиротехникалық; тез тұтанатын заттар.

4. Фото, бейне және дыбыс жазу аппаратурасы (келушілер үшін).

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің қарамағындағы
террористік тұрғыдан осал
объектілердің терроризмге
қарсы қорғалуын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша
Нысан

Біржолғы рұқсаттамаларды есепке алу журналы

(титул парағы)

_____ (ұйымның атауы)

Біржолғы рұқсаттамаларды есепке алу

№ ___ журналы

Журналды жүргізуді бастау күні 20__ ж. "___" _____

Журналды жүргізудің аяқталу күні 20__ ж. "___" _____

(ішкі жағы)

				Белгі	
--	--	--	--	-------	--

Бару күні	Рұқсаттамма №	Аты-жөні (әкесінің аты бар болса)	Келуші баратын кабинет №	Келу уақыты	Кету уақыты	Рұқсаттаманы берген лауазымды тұлға
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің қарамағындағы
террористік тұрғыдан осал
объектілердің терроризмге
қарсы қорғалуын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
3-қосымша

Сабақ тақырыптарының нұсқалары

1. Террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қауіпсіздігін (қорғалуын) және террористік акт жасалған және оның туындау қатері төнген жағдайда қызметкерлердің іс-қимылын (радиологиялық, химиялық, биологиялық заттарды, жарылғыш құрылғылар мен жарылғыш заттарды қолдана отырып, адамдардың жаппай жиналуына, жарылыс қатерімен өртеуге, инфрақұрылым объектілерін физикалық зақымдауға) қамтамасыз ету туралы.

2. Террористік тұрғыдан осал объектіде талап етілетін өткізу режимін қамтамасыз ету туралы.

3. Техногендік және табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар тәртібі туралы.

4. Авариялық-құтқару, шұғыл жұмыстарды және өртке қарсы іс-шараларды жүргізу, терроризм актісінің салдарларын барынша азайту және жою.

5. Террористік актіден зардап шеккендерге алғашқы медициналық және психологиялық көмек көрсету.

6. Қалыптасқан жағдай туралы халықты құлақтандыруды және хабардар етуді ұйымдастыру.

7. Мемлекеттік азаматтық қорғау жүйесінің аумақтық және салалық кіші жүйелерін төтенше жағдай режиміне көшіру.

8. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл. Профилактика және алдын алу.

9. Террористік тұрғыдан осал объектілерді инженерлік-техникалық жабдықпен жарақтандыру.

10. Ведомстволық бағынысты объектілерде терроризм актісінің жасалу қаупі туындаған кездегі ТЖМ қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібі.

11. ТЖМ бөлімшелерінде және оның аумағында терроризм актілерінің алдын алу бойынша жүргізілетін іс-шаралар.

12. Террористік актілердің түрлері мен тәсілдері, олардың мақсаттары мен салдарлары.

13. Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік-құқықтық негіздер.

14. Терроризм актілерімен байланысты төтенше жағдайлар қаупі төнген және туындаған жағдайдағы іс-қимылдар бойынша сабақтардың өзге де тақырыптары.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің қарамағындағы
террористік тұрғыдан осал
объектілердің терроризмге
қарсы қорғалуын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
4-қосымша

Террористік сипаттағы ықтимал қауіп-қатерлерге объектілердің әртүрлі тұлғаларының іс-қимыл алгоритмі

1. Террористік акт жасау қаупі бар кездегі алдын алу шаралары (профилактика шаралары):

- 1) бөлімше аумағына өткізу режимін шектеу;
- 2) күдікті заттарды табу мақсатында күн сайын аумақты және үй-жайларды аралап, тексеруді жүзеге асыру;
- 3) келіп түскен мүлікті, тауарларды, жабдықтарды заттардың саны, қаптаманың жағдайы және т. б. бойынша мұқият тексеру.;
- 4) қызметкерлер мен қызмет көрсету персоналын (кезекшілер, жөндеушілер, жинаушылар) мұқият іріктеуді жүргізу;
- 5) қызметкерлерді, келушілерді және зардап шеккендерді эвакуациялау жоспарын әзірлеу;
- 6) құлақтандыру құралдарының жұмысқа қабілеттілігін тексеру;
- 7) террористік акт жағдайындағы іс-қимылдар бойынша практикалық сабақтар арқылы құқық қорғау органдарымен бірлесіп бөлімше қызметкерлерін даярлауды ұйымдастыру;
- 8) эвакуациялық шығу жолдары мен баспалдақ аралықтарын үйіп тастауға жол бермеу;
- 9) барлық қызметкерлерге күдікті заттар немесе террористік акт жүргізу қаупінің белгілері анықталған кезде белгілі бір органдарға хабарлау қажет телефон нөмірлерін жеткізу.

1. Күдікті зат табылған кездегі іс-әрекеттер

2. Күдікті зат деп күдікті дыбыстар (шертулер, сағаттарды тықылдату) және ерекше иістер (мысалы, бадам, хлор, аммиак) шығаратын иесіз сөмке, пакет, жәшік, қорап, шығыңқы сымдары, жіптері, электр таспасы бар ойыншық түсініледі. Мұндай зат

жарылғыш зат болуы мүмкін немесе улы химикаттармен (ОНV) немесе биологиялық агенттермен (қауіпті инфекциялардың қоздырғыштары, мысалы, күйдіргі, шешек, туляремия және) толтырылуы мүмкін.;

3. Басшылықтың іс-әрекеттері:

1) күдікті адамның анықталғаны немесе иесіз заттың табылғаны туралы құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарды дереу хабардар ету;

2) иесіз күдікті зат табылған жерді қажетті қашықтықта қоршауды ұйымдастыру;

3) адамдарды объекіден эвакуациялауды ұйымдастыру, объектідегі тосын жағдай туралы құлақтандыру;

4) өзге де күдікті заттарды табу мақсатында үй-жайларды аралап шығуды және аумақтарды қарап-тексеруді қамтамасыз ету болып табылады;

5) терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтың келген күштерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру, қажетті ақпарат беру болып табылады.

4. Объект қызметкерлері мен келушілерінің іс-әрекеттері:

1) қол тигізбеңіз, жақындамаңыз, қозғалмаңыз;

2) иесіз заттың ықтимал иесін анықтау үшін айналасындағылардан сұрастыру;

3) радиобайланыс құралдарын, оның ішінде ұтқыр байланыс құралдарын осы затқа жақын пайдаланудан бас тартуға міндетті;

4) мүмкіндігінше табу уақыты мен орнын белгілеп алу;

5) күзетке, объект персоналына не Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті аумақтық органдарының кезекші бөлімдеріне күдікті заттың табылғаны туралы дереу хабарлау;

6) жарылғыш құрылғыға ұқсас заттың сыртқы түрін және оны анықтаудың елеулі мән-жайларын сипаттауға дайын болуға тиіс;

7) дүрбелең туғызбау үшін болған оқиға туралы білу қажет адамдардан басқа ешкімге жарылыс қаупі туралы хабарламауға;

8) мүмкіндігінше күзетпен күдікті зат пен қауіпті аймаққа бөгде адамдардың кіруін шектеуді ұйымдастыруға міндетті;

9) қауіпті аймаққа іргелес аумақтан адамдарды ұйымдасқан түрде эвакуациялауды қамтамасыз етуге көмектесу;

10) қажет болған жағдайда қорғауды қамтамасыз ететін заттарға (ғимараттың бұрышы, бағана, қалың ағаш, автомашина) жасырынуға, бақылау жүргізуге;

11) күдікті адам немесе өзімен бірге жарылғыш құрылғылары немесе жарылғыш заттары бар адамдар тобы (саны, ЖҚК, қарудың болуы сыртқы белгілері, жарақтандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты) анықталған жағдайда объектіні, құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарды күзетуді хабардар ету;

12) Келушілерді эвакуациялауды ұйымдастыруда басшылық пен күзетке көмек көрсету;

13) Объектіден шығу, мүмкін болмаған жағдайда-күрделі құрылысқа жасырыну және қажетті қашықтықта бақылау жүргізу.

5. Кезекші қызметкерлердің іс-әрекеттері:

1) күдікті зат табылған жағдайда:

ұстама емес, бөлуге емес, жылжытуға;

иесіз қалған заттың ықтимал иесін анықтау үшін айналадағылардан сұрау;

радиобайланыс құралдарын, оның ішінде ұялы байланыс құралдарын осы заттың жанында пайдаланудан бас тартуға;

мүмкіндігінше анықтау уақыты мен орнын белгілеу;

күзетте күдікті заттың табылғаны туралы объект персоналына немесе ПМ, ҰҚК аумақтық органдарының кезекші бөлімдеріне дереу хабарлау;

жарылғыш құрылғыға ұқсас заттың сыртқы түрін және оны анықтаудың маңызды жағдайларын сипаттауға дайын болу;

дүрбелең туғызбау үшін не болғанын білу керек адамдардан басқа ешкімге жарылыс қаупі туралы хабарламаңыз;

қажетті қашықтықта күдікті зат пен қауіпті аймаққа бөгде адамдардың кіруін шектеуді қамтамасыз ету;

қауіпті аймаққа іргелес аумақтан адамдарды ұйымдасқан түрде эвакуациялауды қамтамасыз ету;

қажет болған жағдайда қорғауды қамтамасыз ететін заттарға (ғимараттың бұрышы, бағана, қалың ағаш, автомашина) жасырынуға, бақылау жүргізуге;

2) күдікті адам немесе өзімен бірге жарылғыш құрылғылары немесе жарылғыш заттары бар адамдар тобы (саны, ЖҚК, қарудың болуы сыртқы белгілері, жарақтандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты) анықталған жағдайда, объект басшылығына, құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарға хабарлау.

6. Жарылғыш құрылғыны көрсететін белгілер:

табылған затта сымдардың, арқандардың, изолянтаның болуы;

зат шығаратын күдікті дыбыстар, шертулер, сағаттар тықылдау;

заттан бадамның тән иісі немесе басқа ерекше иіс шығады;

табылған заттың ерекше орналасуы;

табылған затқа орнатылған қуат көздерінің әр түрлі түрлері, сыртқы түрі бойынша, антеннаға ұқсас сым.

7 Жарылғыш құрылғы (бұдан әрі - ВУ) немесе ВУ-ға ұқсас зат табылған кездегі алып тастау және қоршау қашықтықтары:

РГД гранатасы – 5-50 м;

Ф-1 гранатасы– 200 м;

тротил шашкасы салмағы 200 г-45 м;

тротил шашкасы салмағы 400 г – 55 м;

сыра банкі 0,33 л - 60 м;

дипломат (кейс) – 230 м;
жол чемоданы - 350 м;
"Жигули" класс автокөлігі-460 м;
"Волга" класс автокөлігі - 580 м;
шағын автобус-920 м;
жүк машинасы (фургон) – 1240 м.

2. Адамдарды кепілге алу кезіндегі іс-әрекеттер.

8. Қорғану қажет: кепілге түсуден аулақ болу, ғимараттан білінбей кету немесе үй-жайға тығылу, есікті бұғаттау, құқық қорғау қызметкерлері келгенге дейін ұстап тұру немесе мүмкіндігінше ғимараттан қауіпсіз шығу.

9. Құқық қорғау және/немесе арнайы мемлекеттік органдарға кепілге алудың мән-жайлары мен қаскүнемдер (саны, қару-жарағы, жарақтандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты) туралы мүмкіндігінше кез келген қолжетімді тәсілмен және өз қауіпсіздігін кепілдік берілген қамтамасыз ету шартымен ғана хабардар етуге міндетті.

10. Объекті басшылығының іс-әрекеттері:

1) құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарды және/немесе үшінші тұлғаларды кепілге алуға әрекет жасау фактісі мен мән-жайлары туралы кез келген қолжетімді тәсілмен дереу хабардар ету;

2) мүмкіндігінше объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру (эвакуациялау, ішкі кедергілерді оқшаулау, объектідегі тосын жағдай туралы хабарлау);

3) мүмкіндігінше терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтың келген күштерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

11. Объект персоналының іс-қимылы:

1) қорғануға: кепілге алынбауға, ғимараттан білінбей кетуге немесе үй-жайға тығылуға, есікті бұғаттауға, құқықтық тәртіп қызметкерлері келгенге дейін немесе қауіпсіздік мүмкіндігі болғанға дейін ғимараттан шығуға жол бермеуге тиіс;

2) мүмкіндігінше кез келген қолжетімді тәсілмен және тек құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарға кепілге алынған адамдар мен қаскүнемдердің басып алыну мән-жайлары (саны, қару-жарағы, жарақтандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты) туралы өз қауіпсіздігін кепілдік берілген қамтамасыз ету шартымен ғана хабарлауға міндетті.

12. Кезекші қызметкерлердің іс-әрекеттері:

1) қарулы қаскүнемді(-лерді) анықтау;

2) мүмкіндігінше оны/олардың объектіде адамдар жаппай болатын жерлерге жылжуын бұғаттау;

3) объектіні, құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарды кепілге алуға оқталу фактісі мен мән-жайлары туралы кез келген тәсілмен хабардар етуге міндетті;

4) объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шаралар қабылдау (эвакуациялау, зиянкестер жолындағы ішкі кедергілерді оқшаулау);

5) өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету (кепілге түспеуге және т.б.).

12. Егер Сізді кепілдікке басып алса:

1) өзіңізді қолға алыңыз және қандай жағдай болмасын сабыр сақтаңыз, үрейлеңбеңіз. Тыныш дауыспен сөйлеңіз.

2) қажет тұрақ және байсалдылықпен тасымалдауға айыру және қорлау террористер емес, көзге қарап, қылмыскерлерге емес, өздерін әдепсіз ұстаған. Қылмыскерлерді физикалық күш немесе қару қолдануға итермелейтін әрекеттерге жол бермеңіз.

3) қылмыскерлердің талаптарын орындауға, оларға қайшы келмеуге, қобалжулар мен үрейге жол бермеуге міндетті.

4) ықтимал қатаң сынаққа тәни және моральдық тұрғыдан дайындалыңыз.

5) ұрлаушыларға жеккөрушілік пен немқұрайдылық танытпаңыз.

6) басынан бастап (әсіресе бірінші сағатта) бандиттердің барлық нұсқауларын орындаңыз. Басқыншылардан кез-келген әрекетті жасауға рұқсат сұраңыз: отырыңыз, тұрыңыз, ішіңіз, дәретханаға барыңыз және т. б.

7) өз мінез-құлқыңызбен террористердің назарын аудармаңыз, белсенді қарсылық көрсетпеңіз. Бұл сіздің жағдайыңызды нашарлатуы мүмкін.

8) егер қашудың сәттілігіне толық сенім болмаса, жүгіруге тырыспаңыз.

9) террористер туралы мүмкіндігінше көп ақпаратты есте сақтаңыз (саны, қару-жарағы, сыртқы келбеті, дене бітімі, екпіні, әңгіме тақырыбы, темпераменті, мінез-құлық мәнері).

10) өзіңіздің орналасқан (қамалған) жеріңізді анықтауға тырысыңыз.

11) мүмкіндік болған кезде кез келген қолжетімді байланыс тәсілін пайдалана отырып, өмірге қауіп төндірмей, сақтық таныта отырып, болған жағдай туралы құқық қорғау органдарына немесе арнайы органдарға, қауіпсіздік бөлімшесіне немесе объектінің күзет қызметіне хабарлауға тырысу.

12) қандай тағам болса да, оны елеменіз. Бұл күш пен денсаулықты сақтауға көмектеседі.

13) жарақат алған жағдайда, дәрігерге дейінгі алғашқы көмекті өз бетінше көрсетуге тырысыңыз.

14) ең бастысы-бандиттер бақылауды тоқтатса да, үрейленбеу.

15) терезелерден, есіктерден және террористердің өздерінен алыс тұрыңыз. Бұл үй-жайға шабуыл жасау, қылмыскерлерді жеңу үшін мергендерді ату жағдайында сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін қажет.

Арнайы бөлімше қызметкерлері кепілге алынған адамдарды босату жөніндегі операцияларды жүргізген кезде мынадай талаптарды сақтау қажет: - еденге төмен қаратып жату, мүмкіндігінше қабырғаға басып, басын қолмен жабу және қозғалмау; ешқандай жағдайда арнайы бөлімше қызметкерлеріне қарсы немесе олардан қашуға болмайды, өйткені олар жүгірушіні қылмыскер ретінде қабылдай алады; егер мүмкіндік болса, есіктер мен терезелердің ойықтарынан алыс болу қажет; егер шабуыл жасау және басып алу кезінде зардап шеккен адаммен (жеке басын анықтағанға дейін) ықтимал қылмыскер сияқты біршама дұрыс әрекет етпесе, ашуланбаңыз. Босатылған барымтаға алынған адамды тінтуге, қолдарына кісен салуға, байлауға, эмоциялық немесе физикалық жарақат келтіруге, жауап алуға болады. Бұған түсіністікпен қарау керек, өйткені мұндай жағдайларда шабуылдаушылардың мұндай әрекеттері (барлық адамдарды түпкілікті сәйкестендіруге және шынайы қылмыскерлерді анықтауға дейін) негізделген.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің қарамағындағы
террористік тұрғыдан
осал объектілердің терроризмге
қарсы қорғалуын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
5-қосымша
Нысан

Терроризмге қарсы дайындық бойынша оқу іс-шараларын есепке алу журналы.

(титул парағы)

_____ (ұйымның атауы)

терроризмге қарсы дайындық бойынша оқу іс-шараларын өткізуді есепке алу

№ ____ журналы

Журналды жүргізуді бастау күні 20__ ж. " ____ " _____

Журналды жүргізудің аяқталу күні 20__ ж. " ____ " _____

(ішкі жағы)

1- бөлім. Нұсқамалар

р/с №	Нұсқаманы өткізу күні	нұсқама өтушінің аты-жөні (әкесінің аты болған жағдайда) және лауазымы	Нұсқама түрі	Нұсқама өткізген адамның аты-жөні, (әкесінің аты болған жағдайда) және лауазымы	Нұсқама алушының қолы	Нұсқама өткізген адамның қолы

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

2-бөлім. Сабақ

1. Сабақты өткізу күні;
2. Сабақтың тақырыбы;
3. Оқу сұрақтары;
4. Қатысқан қызметкерлер саны;

Сабақ өткізген адамның қолы.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің қарамағындағы
террористік тұрғыдан осал
объектілердің терроризмге
қарсы қорғалуын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
6-қосымша

Нысан

Төтенше жағдайлар
департаментінің бастығы

(облыстың, республикалық
маңызы бар қаланың,
астананың)

(атағы)

(тегі, аты, әкесінің аты, қолы,
күні)

Сабақ және жаттығу өткізу туралы есеп

Сабақтың тақырыбы: _____

Өткізу күні: _____

Өткізу орны: _____

Қатысушылар құрамы: _____

Өткізу барысы туралы мәліметтер: _____

Қорытындылар: _____

Терроризмге қарсы қорғалуды
камтамасыз етуге жауапты

_____ (лауазымы)

_____ (тегі, аты,
әкесінің аты, қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК